

КПО «Би Джи Групп» басқарма төрағасынан екі жоғары награда алды

Мамырдың 13 күні Британдық «Би Джи Групп» компаниясы жыл сайынғы 11-інші «Би Джи 2008 басқарма төрағасының Наградлары» рәсімін өткізді, ол Ұлыбританияның Hampton Court Palace өтті.

КПО компаниясы өткен жылдардағы сияқты биылғы жылы да ерекшеленді. Наградларды тапсыру рәсімі кезінде КПО компаниясы мына категориялар бойынша екі жоғары награда алды: **Техника қауіпсіздігі ережелерінің орындалуы бойынша (Safety Performance)** ТҚ ережелерін бұлжытпай орындағаны үшін (Exceptional Safety Performance) және **Техника қауіпсіздігіндегі жаңашылдық бойынша (Safety Innovation)** техника қауіпсіздігіндегі жаңашыл ұсыныстардың көмегімен өндірістік тәуекелді азайтуға бағытталған жұмыстар жүргізгені үшін (Engineered Trench Boxes – Reducing Risks With Safety Innovation). Бұдан басқа КПО компаниясы **Қоршаған ортаны қорғаудағы бастама** аталымы бойынша екінші орын алып, ынталандыру сыйлығына ие болды (Environmental Initiative).

Рәсім рәсімі кезінде «Би Джи Групп» басқарма төрағасы сэр Роберт Вилсон жеңімпаздарды құттықтап, оларға наградаларды өз қолымен табыс етті.



«Қарашығанақ-Орал» газ желісі – қауіпсіздік принципі бойынша

«Қарашығанақ-Орал» газ желісінің құрылысшылары мамыр айындағы мерекелерді бір миллион адам-сағат өндірістік жарақатсыз, авариясыз деген қоянқорғау көрсеткішпен қарсы алды. Осы тамаша өндірістік көрсеткішке байланысты КПО компаниясы Ақсайға жақын орналасқан Федорова поселкесінде ерекше көзге түскен қызметкерлер мен жұмысшыларды ресми марапаттау рәсімін өткізді.

КПО консорциумы мен оның мердігерлік ұйымдары үшін еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігінің жоғары көрсеткіштері инвестициялық жобаларды жүзеге асырудағы технологиялық процестерді модернизациялаумен қатарласты.

«Қарашығанақ-Орал» газ желісінің құрылысы да солардың қатарына жатады. Бұл жобаны жүзеге асыру Мемлекет басшысының 2005 жылдың мамыр айында біздің облысымызда болған алғанды берген тапсырмасынан бастау алған еді. Осы жылдың аяғында пайдалануға берілетін бұл газ желісі 92 мың адам тұратын 146 елді мекенді газдандыруға мүмкіндік береді, ал бұл дегеніміз – бүкіл батысқазақстанның экономикалық және өндірістік әлеуеттілігінің нығаюына және оның тұрғындарының өмір сүру деңгейінің жоғарылауына жағдай жасайды. Газ желісі құрылысын салу үшін КПО мердігері бәріне алматылық «КазСтройСервис» компаниясы белгіленген. Жобаны жүзеге асыруға 250 адамдай тартылған.

КПО-ның өндіріс жөніндегі директоры Антонио Балдассарре КПО қызметі мен «КазСтройСервис» мердігерлік компаниясының маңызды артықшылығы техника қауіпсіздігі ережесінің сақталуы деп атап өтті: «Біз өз жұмысымызда барлық тәуекелді мұқият есепке аламыз және жұмыс жасайтын кездің климаттық жағдайын, мәселен, қыс уақытын әркез ескеріп отырамыз. Біздің міндетіміз – өндірістік жарақаттануды мүлде болдырмау. Бүгінгі таңда жоба 50 пайыздан артыққа орындалғанын қуанышпен айтып өткіміз. Жұмыс кесте бойынша жүріп жатыр. 2007 жылы облыс әкімдігімен келіскендей газ желісі құрылысын 2009 жылдың 15 желтоқсанына бітірміз».

Қызметте өсу жолындағы алғашқы қадам

Мамырдың төрті күні КПО компаниясы Ақсай қаласында Марко Поло қонақүйінде бұрғылау супервайзерлеріне арналған бағдарламаның қатысушыларына сертификат тапсыру рәсімін өткізді. Бұл бағдарлама КПО қызметкерлерін оқыту және ары қарай дамыту бөлімі жасаған өндіріс талаптарына сәйкес түлектерді дайындау бойынша қазақстандық ЖОО (ВУЗ) түлектерін әрі қарай оқыту бағдарламасының бір бөлігі болып табылады.

17 жас маман және 7 КПО-ның ұңғымалық операциялар бөлімінің қызметкері 2007 жылдың қараша айында басталған бұрғылау супервайзерлеріне арналған бағдарламаны жемісті аяқтады. Осы уақыт ішінде олар жеке тұлғалар арасындағы және іскерлік қарым-қатынастың қалыптасқан алғашқы базалық білімін алды, ағылшын тілінен және ТҚ мен ҚОК бойынша білімдерін толықтырды. Негізінен жас мамандардың кәсіби дамуына көңіл аударылды. Ол үшін КПО-ның негізгі компаниясы ЭНИ-ден бұрғылау саласының үздік мамандары шақырылды. Жеті ай бойына түлектер мен ұңғымалық операциялар бөлімінің қызметкерлерін бұрғылаудың әртүрлі аспектілері бойынша жедел дайындау жүргізілді. Бұрғылау бойынша курс КПО-ның Оқу орталығында ұңғымалық жұмыс жасайтындардың қатысуымен теориялық және практикалық сабақтар бойынша жүргізілді.



Сертификат тапсыру рәсімі кезінде өндіріс жөніндегі директор Антонио Балдассарре бұл бағдарламаға қатысушылардың үлкен қызметке алғашқы қадамдары ғана, ал оларға болашақта бұрғылаудың нағыз мамандары болып шығу үшін көп еңбектену керек деп атап айтты. Еңбек ресурстарының меңгерушісі Джеймс Кларк өз сөзінде қонақтардың назарын КПО-да қызмет жасайтын жас мамандардың барлығының компанияда өсуге, жоғарылауға үлкен мүмкіндіктері бар екендігіне, ал табысқа жету өркімің қажырлылығы мен табандылығына ти-

кейі байланысты екендігіне аударды. Ол сонымен бірге, адамдар КПО үшін ең бастысы, сондықтан да компания әрбір қызметкердің өсуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды дегенді қосып айтты.

Басқа да шақырылған қонақтар бағдарламаға қатысушыларға КПО-ның және бұрғылау операциялары бөлімінің игілігі жолында табыс тіледі.

Табысты аяқталған бағдарламаның тежірібесін негізге ала отырып, КПО оны болашақта қажетті мамандарды дайындауға пайдалануды жоспарлап отыр.

КПО қызметкерлері мен олардың балаларына арналған гранттар бағдарламасы

КПО компаниясы КПО-ның қазақстандық персонал мен олардың балалары үшін 2009 жылға гранттар беру Бағдарламасы туралы жариялады.

Бағдарламаның мақсаты – қазақстандық персоналдың техникалық және кәсіби білімін жақсарту, сөйтіп, компанияның өркендеу бағдарламасына үлес қосу.

Бұл бағдарлама компания қызметкерлерінің әлеуеттілігін арттыруға, лайықты ұлттық кадрлардың білімі мен біліктілігін жетілдіруге, сол арқылы оларды болашақ басшы қызметке дайындауға арналған.

Грант бағдарламасы жылына 40 грантты қамтамасыз етеді. Жыл сайын КПО қызметкерлері үшін 15 грант және олардың балалары үшін 25 грант бөлініп отырады.

Гранттар беру Бағдарламасы КПО-ның артықшылықтарының бірі болып табылады. Бұл Бағдарламаның Ережесі бойынша оған КПО-мен еңбек келісім-шартына отырған барлық қазақстандық қызметкерлер қатыса алады.

Қызметкер немесе жұмысшы Қызметкерлерге арналған Гранттардың бір ғана грантына өтініш жаза алады, сол сияқты ол өзінің әрбір баласына жеке грант алуға өтініш жазуға қақысы бар. Грант алғаннан кейін ол қызметкер КПО-ның грант алу Бағдарламасына екіншілік қатыстырылмайды. Бірақ, қызметкер КПО-ның ешқандай грант беру бағдарламасына қатыстырылмаған өз баласы үшін өтініш бере алады.

Жол қауіпсіздігі акциясы жалғасуда

КПО компаниясы «Радио Ақсаймен» бірлесіп отырып, Ақсай қаласының және Бөрлі ауданының балалары арасында жол қауіпсіздігін насихаттау жөнінде тағы да акция өткізді.

Автоинспекция қызметкерлерінің қатысуымен театрландырылған көрініс Ақсай қаласының бірнеше бала бақшаларында қатар көрсетілді. Бұндай шараларда балалар ойын үстінде жол қауіпсіздігі ережелері туралы білетіндерін бекіте түседі, өздері үшін жауапкершілікті сезініп үйренеді.

КПО компаниясының көмегімен Ақсай қаласында селолық және қалалық мектептердің жас автоинспекторларының жыл сайынғы конкурсы-байқауы өткізіледі. Мұнда балалар жол қозғалысы ережелерін қаншалықты білетіндерін, қала көшелерінде жүре алатындарын көрсетеді, сол сияқты санинструкторлар мен корреспонденттер байқауларына да қатысады. Бұндай акциялар Бөрлі ауданының жол полициясының бастамасымен, Бөрлі аудандық білім бөлімінің мамандарының қолдау көрсетуімен жүзеге асып отырады. Ал бұл шараларға КПО компаниясының қызметкерлері белсенді түрде атсалысады. Осындай бірлескен жемісті еңбектің нәтижесінде Бөрлі ауданында балалардың жол үстінде жарақат алуы, мектеп оқушыларының кесірінен болатын ЖКА (ДТП) саны азайды.

КПО компаниясының балалардың денсаулығын қамқорлап, қауіпсіздік ережелері жөніндегі бағдарламаны жүзеге асыруды белсенді қолдап келе жатқаны бір бұл емес. Оның қызметкерлерінің айтуы бойынша, компания адамдар өмірінің қауіпсіздігін аруақытта басты мақсат етіп қояды. Компания болашақта да қауіпсіз қозғалыс



бағдарламасын барынша қолдауды жалғастыруды жоспарлап отыр.

Қазіргі уақытта КПО қызметкерлері конкурсты үш деңгейге бөлген. Бірінші деңгей – кішкентай балаларды оқытуға арналған, яғни 2007 жылдан бері өткізіліп келе жатқан тікелей эфирде роқзактарды ұтысқа шығаратын радио-шоуды жалғастыру. Екінші деңгей – жасөспірімдерге арналған, мұнда сұрақтарға жауап беру арқылы сыйлықтарға ие болуға болады. Ақсай қаласында үлкендер арасында қауіпсіз көлік жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында конкурста жүргізушілерге арналған үшінші деңгей қосылды.

